

Ауғаныстанда әскери қызметін өтеу барысында жарақат, контузия алған, жарымжан немесе мүгедек болған әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне және әскери қызметін өтеу кезінде құрбан болған жауынгерлердің ата-аналарына коммуналдық (жылу, су, газ, электрмен жабдықтау, канализация, қоқыстарды тазалау, лифт қызметі) және байланыс қызметтерінің ақысын өтеу бойынша жеңілдіктер ұсыну қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2005 жылғы 6 маусымдағы N 143 шешімі. Ақтөбе қаласының әділет басқармасында 2005 жылдың 12 шілдесінде N 3-1-15 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 сәуірдегі N 169 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009.04.25 N 169 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 және 7 баптарына сәйкес және Жергілікті соғыстар мүгедектерінің Ақтөбе облыстық қоғамдық бірлестігінің өтінішіне байланысты, Ауғаныстанда әскери қызметін өтеу барысында жарақат, контузия алған, жарымжан немесе мүгедек болған әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін және әскери қызметін өтеу кезінде құрбан болған жауынгерлердің ата-аналарының тұрмыстық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауғаныстанда әскери қызметін өтеу барысында жарақат, контузия алған, жарымжан немесе мүгедек болған әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне және әскери қызметін өтеу кезінде құрбан болған жауынгерлердің ата-аналарына коммуналдық (жылу, су, газ, электрмен жабдықтау, канализация, қоқыстарды тазалау, лифтпен қызмет көрсету) және байланыс қызметтерінің ақысын өтеу бойынша жеңілдіктер ұсыну Қағидасы бекітілсін (қосымша ретінде тіркелген).

2. Осы шешімнің орындалуы "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Н.Бертебаева) жүктелсін.

3. Коммуналдық және байланыс қызметтерін көрсететін ұйымдардың аталмыш жеңілдіктерді көрсету шығындарын өтеуге арналған қаржыны мерзімінде бөлінуі "Ақтөбе қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Д.Бимағамбетов) жүктелсін.

4. Осы Шешім 2005 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қалалық
мәслихатының

Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы

кезекті он сегізінші

сессиясының төрайымы

2005 жылғы 6 маусымдағы

Ақтөбе қалалық

мәслихатының

кезекті

он

сегізінші

сессиясының

№

143

шешіміне

қосымша

Ауғаныстанда әскери қызметін өтеу барысында жарақат, контузия алған, жарымжан немесе мүгедек болған әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне және әскери қызметін өтеу кезінде құрбан болған жауынгерлердің ата-аналарына коммуналдық (жылу, су, газ, электрмен жабдықтау, канализация, қоқыстарды тазалау, лифт қызметі) және байланыс қызметтерінің ақысын өтеу бойынша жеңілдіктер ұсыну

Қағидасы

1. Тұрғын үй коммуналдық және байланыс қызметтері бойынша жеңілдіктер алуға Ауғаныстанда әскери қызметін өтеу барысында жарақат, контузия алған, жарымжан немесе мүгедек болған әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері және әскери қызметін өтеу кезінде құрбан болған жауынгерлердің ата-аналары қ ұ қ ы л ы .

2. Мүгедектер, олармен бірге тіркеуде тұратын отбасы мүшелері және құрбан болғандардың ата-аналарына көрсетілетін тұрғын үй коммуналдық және байланыс қызметтерінің ақысын өтеу бойынша жеңілдіктер ұсыну қалалық бюджеттен қ а р а ж а т т а л ы н а д ы .

3. Тұрғын үй және байланыс (абоненттік төлем) қызметтері бойынша жеңілдіктер, мүгедектердің, отбасы мүшелері және құрбан болған жауынгердің ата-аналарына тұрғын үй меншік иесі немесе пәтерді пайдаланушы болуына қ а р а м а с т а н б е р і л е д і .

Жеңілдіктер орталықтандырылған және жекеленген жылыту, ыстық - салқын сумен жабдықтау, канализация, тамақ әзірлеуге арналған газ, электр қуатымен жабдықтау, қоқыстарды тазарту, лифт, байланыс қызметтері (абоненттік төлем) б о й ы н ш а ұ с ы н ы л а д ы .

Орталықтандырылған және жекелендірілген жылыту жеңілдіктері бір адамға 18 шаршы метр пайдалы көлемі, бірақ тұрғын үйдің нақты жалпы көлемінен аспайтын, м ө л ш е р д е ұ с ы н ы л а д ы .

Электр қуатымен жабдықтауға тиесілі жеңілдіктердің айлық мөлшері төмендегідей :

1. құрамы 1 адамнан тұратын отбасына айына - 50 кВт;
2. құрамы 2 ден 5 адамға дейін тұратын отбасына айына - 100 кВт;
3. құрамы 5 немесе одан да көп отбасына айына - 150 кВт.

Электр плитасымен жабдықталған үйлерде тұратын отбасыларына айлық мөлшері төмендегідей мөлшерде артық болады:

1. құрамы 1 адамнан тұратын отбасына 50 кВт;
2. құрамы 2 немесе 5 адамнан тұратын отбасына 50 кВт;
3. құрамы 5 және одан көп адамнан тұратын отбасына 200 кВт.

Коммуналдық және байланыс қызметтері бойынша (абоненттік төлем) жеңілдіктер бекітілген тарифке сәйкес ұсынылады.

Коммуналдық қызметті тұтынуды есептегіш қондырғылары барларға жеңілдіктер нақты есептегіш көрсеткіші бойынша, бірақ белгіленген тариф мөлшерінен асырмай төленеді.

4. Мүгедектер және құрбан болған жауынгерлердің ата - аналарының тізімін жасау және бекіту "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі.

"Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бекітілген және жыл ішінде өзгертулер енгізіліп өзгертілген тізімдер қызмет көрсетушілер мен "Ақтөбе қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жолданады.

5. Жеңілдік алу үшін мүгедектер және құрбан болған жауынгерлердің ата-аналары "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне коммуналдық және байланыс қызметтеріне тиесілі төлемақы аудару туралы арыз беріп, келесі құжаттарын тапсырады: жеке куәлік, жеңілдік құқығын ұсынатын куәлік, үй кітабы, үй немесе пәтердің техникалық төлқұжаты. Аталмыш құжаттар түпнұсқа және көшірме түрінде тапсырылады.

6. Тұрғын үй коммуналдық және байланыс (абоненттік төлем) қызметтері бойынша қызмет көрсетуші ұйымдардың жеңілдіктер өтеуі шығындары бір айдан аспаған мерзімде тапсырылған шоттары негізінде "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі.